

## Хаттама №1

Құмжарған ауылы

Соркөл орта мектебі

25 қазан 2017 жыл

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесін сайлау және құрамын бекіту
2. Қамқоршылық кеңесінің өкілеттігі
3. Қамқоршылық кеңесі жұмысын ұйымдастыру

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Соркөл орта мектебі директорының оку ісі жөніндегі орынбасары I. Қойайдарова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырыды:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 44-бабының 9 тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.
2. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағындырылған әскери, арнаулы, медициналық және формацевтикалық оку орындарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылады.
3. Қамқоршылық кеңес Соркөл орта мектебінің әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мұдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе занды тұлғалармен өзара әрекет жасап, төмендегідей құрамда қамқоршылық кеңес құрылды:

1. Бисенова Гүлшара	- қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Дошаева Гүлгүл	- қамқоршылық кеңесінің төрайымының орынбасары
3. Жабасов Нұрбек	- қамқоршылық кеңесінің мүшесі
4. Мәмбетов Қанат	- қамқоршылық кеңесінің мүшесі
5. Бердіханов Серік	- ата-аналар комитетінің мүшесі
6. Тажибаева Гүлнұр	- ата-аналар комитетінің мүшесі
7. Қайырзаманова Сәндігүл	- ата-аналар комитетінің мүшесі
8. Абилова Анаргүл	- ата-аналар комитетінің мүшесі
9. Омарова Самал	- ата-аналар комитетінің мүшесі

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Бисенова Гүлшара қамқоршылық кеңесінің өкілеттігі туралы түсінік берді. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, білім беру мекемелердің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
2. Білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
3. Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
4. Қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түсken қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуы туралы шешім қабылдайды;

Ушінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес жұмысын үйімдастыру тәртібі туралы  
Дошаева Гүлгүл түсіндіріп өтті.

- 1) Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамышылдығымен, Қамқоршылық кеңес мүшесінің жалпы санының үштен екісінің бастамасымен шақырады.
- 2) Қамқоршылық кеңесінің төрағасы отырысты шақыру ұсыныс түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысына шақырады;
- 3) Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсан сайын көмінде бір рет өткізіледі;
- 4) Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:
  1. Білім беру үйіміндағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;
  2. Білім беру үйімінде материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
  3. Спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға.

Ұсыныс:

1-ші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.

2-ші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі қабылдансын.

3-ші мәселе Қамқоршылық кеңес жұмысын үйімдастыру тәртібі бойынша жоспар құрылсын.

Төрайымы:  Бисенова Гүлшара

Хатшысы:  Омарова Самал